

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ INTERNATIONAL PRACTICE МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСІНЕ АЗАМАТТАРДЫ ҚАТЫСТЫРУ ҮШІН ИНТЕРНЕТ-АЛАҢДАР: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

ЖОЛДЫБАЛИНА АЛУА СЕРІКҚЫЗЫ	«Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы
НҰРҒАЛИЕВА МАДИНА МАРАТҚЫЗЫ	саяси ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының кеңесшісі
НАЗАРБЕТОВА ӘСЕЛ ҚОЖАХМЕТҚЫЗЫ	«Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Халықаралық зерттеулер бөлімінің басшысы

УДК: 32.019.51

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік басқару жүйесінде шешім қабылдау үдерісіне азаматтарды тартудың қазіргі заманғы жаңа түрі ретінде интернет-алаңдарды, соның ішінде краудсорсингті пайдалану мен дамытудың әлемдік тәжірибесі қарастырылған. Авторлар Австралия, Исландия, Тайвань, Оңтүстік Корея, Еуропалық Одақ, Финляндия, Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Латвия, Эстония мысалдарын келтіру арқылы краудсорсинг технологиясының іс-жүзінде жүзеге асуын және тиімділігін көрсеткен. Сондай-ақ краудсорсинг негізгі түрлері, олардың әр елдегі ерекшеліктері мен жүргізілу жолдары, онлайн-петиция институттары сияқты түрлеріне назар аударылған. Билік шешім қабылдау үдерісіне азаматтарды тарту арқылы бірқатар альтернативті шешімдер алады, және тұрғындардың саяси шешімдерді қабылдаудағы жауапкершілігін арттырады деген қорытынды жасалған.

Тірек сөздер: интернет-алаң, краудсорсинг, онлайн-петиция, мемлекеттік басқарудағы технологиялар, азаматтар, билік, шешім қабылдау үдерісі, азаматтық қоғамды дамыту.

Аннотация. В статье рассматривается международный опыт использования и развития интернет-площадок, в том числе краудсорсинг в качестве современного нового вида привлечения граждан в процесс принятия решений в системе государственного управления. Авторы на примере Австралии, Исландии, Тайваня, Южной Кореи, Европейского Союза, Финляндии, России, США, Великобритании, Латвии, Эстонии показали практическую реализацию и эффективность технологии краудсорсинга. Кроме того, обращается внимание на основные виды краудсорсинга, его особенностям и пути проведения в каждой из стран, также на институт онлайн-петиции. Сделан вывод, что власть через привлечение граждан в процесс принятия решений может получить ряд альтернативных путей решений и повысить ответственность населения в восприятии принимаемых политических решений.

Ключевые слова: интернет-площадка, краудсорсинг, онлайн-петиция, технологии в госуправлении, граждане, власть, процесс принятия решений, развитие гражданского общества.

Abstract. The article discusses the international experience of the use and development of online platforms, including crowdsourcing as a modern new way of attracting citizens to decision-making in the public administration system. The authors, using the examples of Australia, Iceland, Taiwan, South Korea, the European Union, Finland, Russia, the USA, Great Britain, Latvia, and Estonia, have shown the practical implementation and effectiveness of crowdsourcing technology. In addition, attention is drawn to the main types of crowdsourcing, its features and ways of conducting in each country, as well as to the institution of an online petition. It is concluded that power through attracting citizens to the decision-making process can receive a number of alternative solutions and increase the responsibility of the population in the perception of political decisions.

Keywords: online platform, crowdsourcing, online petition, technology in public administration, citizens, government, decision-making, development of civil society.

JELcode: Z18, Z38

Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту арқылы мемлекеттік басқару жүйесінде шешім қабылдау үдерісіне азаматтарды тартудың түрлі форматтары мен арналары әсіресе өңірлік деңгейде белсенді түрде дамып жатыр. Халықты саясатқа тартудың заманауи және инновациялық тәжірибелерінің бірі краудсорсинг болып табылады.

2019 жылы Президент Қ.-Ж.К. Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет және қоғам алдындағы ортақ міндет ретінде «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет» екенін атап өтті [1]. Бұл жағдайда, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде азаматтардың өтініштері мен сындарын қабылдау ғана емес, оларды шешімдерді дайындап, қабылдау үдерісіне белсенді тартуды да атауға болады.

Қазіргі қоғам мен мемлекеттің мәселелері тек үкіметтік құрылымдардың күшімен ғана шешілмейді, үкімет пен қоғам арасындағы екі жақты диалог құруды талап етеді. Бұл заң әзірлеу және саясат үдерісіне ақпараттың, жаңашылдық идеялар мен шығармашылық ойлаудың алуан түрлілігін енгізуге мүмкіндік береді.

Саясаттағы ең алғашқы краудсорсингтік технология мысалына тұңғыш австралиялық премьер-министр Эдмонд Бартонның бастамасын келтіруге болады. 1901 жылы ол мемлекеттің премьер-министрі бола отырып, Австралияның мемлекеттік туының сызбасын әзірлеуге халықаралық конкурс жүргізді. Конкурс барысында халықтың



Сиднейдегі опера театры – азаматтарды шешім қабылдау үдерісіне қатыстыру нәтижесі

тарапынан 30 000 астам ұсыныс түсті. Сиднейдегі опера театры – жаһандық қауымдастық жобаларының ашық конкурсының нәтижесі, оған 233 адам өз идеяларын ұсынып, олардың ішінен ғимараттың қазіргі түрі таңдалып алынды.

Краудсорсингтік технологияларды қолданудың үздік мысалдарының бірі ретінде Исландия Конституциясын алуға болады. Исландия әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар қабылдады. Бұл мемлекет тұрғындарының көмегімен жасалған әлемдегі алғашқы конституция.

Тайваньда тұрғындармен бірлесіп мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретін vTaiwan тәжірибелік электронды кеңес беру платформасы бар.

Краудсорсинг көптеген адамдардың білімдерін пайдалана отырып, жаңа және тиімді идеялар мен шешімдерді іздестіруге арналған жалғыз технология емес. Ол бір-бірінен қатысу тәсілі қағидасы бойынша ажыратылатын бірнеше технологиялардың синтезі болып табылады.

«Краудсорсинг» терминінің авторы Джефф Хау краудсорсингтің 4 негізгі түрін атап көрсетті [2]:

Халық шығармашылығы	Халық даналығы	Халықтың дауыс беруі	Краудфандинг
Халықты жаңа тауарлар жасау, логотип дизайнын, жарнамалық науқан, видеофильмдер түсіру үдерісіне қатыстыру	Ұжымдық сананы күрделі міндеттерді шешу, болжамдар жасау үшін пайдалану. Қарапайым түрі – идеялар биржасы	Ақпараттың үлкен көлемін жүйелеу, аса үлкен ақпарат ағынын талдау негізінде халықтың пікірі жатыр	Қандай да бір жобаны жүзеге асыру мақсатында (әдетте қайырымдылық немесе шығармашылық жоба) қаражат жинау үдерісіне халықты тарту

1 сурет - Краудсорсингтің негізгі түрлері

Сарапшылардың көпшілігі краудсорсингтік жобаны жүзеге асыру негізінен өңірлік деңгейде өте тиімді екендігін айтуда. WeGo «Қалалар мен жергілікті биліктің электронды үкіметтерінің әлемдік ұйымы» бас хатшысы Г. Кимнің ойынша, қалалық қауымдастықпен қарым-қатынасқа түсу – қаланың ілгері дамуының кепілі [3]. Мысал ретінде Оңтүстік Кореяның астанасында енгізілген тәжірибені

келтіреді: «Сеул менің қолымда» (Seul in my hand) мобильді платформасы және mVoting смартфондарға арналған қосымша, осылардың көмегімен тұрғындар барлық істер, жаңалықтар мен бастамалардан хабардар бола отырып, үздік жобалар үшін дауыс беріп, өз идеяларын ұсынуға мүмкіндік алады.

Өңірлік деңгейдегі краудсорсинг

аз уақытта бар мәселелер туралы білу және оларды шешуге осы өңір тұрғындарын тарту;	түрлі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге еріктілерді тарту мүмкіндігі;	өңірдегі, жекелеген саладағы жағдаят туралы аналитикалық ақпарат алу;	өңірлік басшылардың және жалпы өңірдің позитивті имиджін қалыптастыру және қолдау	өмір сүру ортасын жақсартуға арналған жобаларды бір жерге жинап, онлайн-дауыс беруді ұйымдастыру	жобаның бейілді пайдаланушылар тобын қалыптастыру, бұдан кейін басқа тақырыптық сервистерге ауыстыру	Жергілікті жерде орындалуға тиісті міндеттердің сапасына бақылау жүргізу
---	--	---	---	--	--	--

2 сурет - Өңірлік экономикадағы краудсорсинг мүмкіндіктері

Тұрғындарды саясатқа тартудың заманауи тәжірибелерінің бірі ретінде Еуропалық азаматтық бастама болып табылады.

Еуропалық Одақ (ЕО) атқарушы органы – Еурокомиссия алаңындағы Еуропалық азаматтық бастама жобасы [4] өңірлік деңгейдегі интернет-алаңды

қолданудың үздік тәжірибесі болып табылады. Еуропалық азаматтық бастама Еуропалық Одақтың атқарушы билігі тарапынан дереу қарастырылуын талап ететін мәселелерді көтеруге бағытталған. Аталмыш рәсімді рет-ретімен қарастырайық (3 сурет):



3 сурет - Азаматтық бастаманы ұйымдастыру рәсімі

Бұдан әрі Еурокомиссия бастаманы қарастырып, ол бойынша шешімді 3 ай ішінде қабылдауға міндетті. Осы шешім Еурокомиссияның сайтында ЕО барлық ресми тілдерінде жариялануы керек.

Мемлекеттік деңгейдегі көпфункционалы платформаны қолданудың сәтті тәжірибесінің нәтижесі ретінде Оңтүстік Кореяның жобасы болды. Оңтүстік Кореяның үкіметтердің ашықтығы мен қоғамның бірлігі мен тұтастығы аясындағы аталмыш бастамасы азаматтарды қызықтыратын тақырыптарды талқылауға белсенді

қатыстырудың озық тәжірибесі болып табылады. е-реорле ұсыныстарды жинау жүйесі – азаматтардың ұсынысы, петициялар, мобильді телефон немесе электронды поштаға жауап алудың кең мүмкіндіктерін қамтитын алаң, One-Stop портал деп аталатын үкіметтік онлайн-портал (бір терезе жүйесі) енгізілді [5]. Платформа көп жерде американдық «We the people» жобасымен ұқсас, дегенмен айтарлықтай өзгешеліктері бар (4 сурет):




4 сурет - E-people платформасының мүмкіндіктері

Ең негізгі артықшылығы – республика азаматтарынан басқа, елде тұрып жатқан барлық шетелдіктер де платформаны пайдалана алады (көптеген платформаларда мұндай мүмкіндік жоқ) және бұл үшін тілді таңдау мүмкіндігін беретін арнайы тарау бар (таңдаудың кең мүмкіндігі). Жасалған петиция аталған саламен айналысатын уәкілетті органдарға жіберіледі. Бұдан әрі уәкілетті органдар көрсетілген e-mail мекен жайға sms түрінде жауап жібереді.

Краудсорсингтік технологиялар-ды дамытудың озық тәжірибесін «OpenMinistry» платформасын әзірлеп шығарған Финляндия Үкіметі көрсетіп отыр. Осы технологияларды жүзеге асыру мемлекет тұрғындарына Парламенттің дауыс беруіне өзінің жаңа заң жобаларын ұсынуға мүмкіндік берді. Аталған технологияларды қолдану жаңа заңдарды жасау үдерісін Үкімет мүшелерінің санаулы мүшелері қатысатын үдерістен әлдеқайда демократиялық жолда болуын қамтамасыз етеді. Жасалған платформа тіркелген пайдаланушыларға өз заң жобаларын ұсынуға мүмкіндік беретін «азаматтық бастама» ресурсын қалыптастырудың нәтижесі болды. Егер ұсынылған заң жобасы жарты жыл ішінде басқа тіркелген пайдаланушылар арасында 50 000 қолдау дауысын жинаса, ол фин парламентінің дауыс беруіне жіберіледі. 2012 жылы аталған краудсорсингтік жүйе дауыс берудің

Инициативы на голосовании


Живая лента / [популярные](#) / [все](#) / [последние](#) ● 2189 инициатив



дәстүрлі тәсілдерін жойып, онлайнға шығады. Идентификация жүйесі – ұялы байланыс операторлары мен банктердің қосымшасы.

ТДМ елдері арасында краудсорсингтік жобаларды Ресей қарқынды қолданып, дамытады және олардың ішінде Ресейлік азаматтық бастаманы қарастыруға болады.


Ресейлік қоғамдық бастама [6] (РҚБ) – Ресей Федерациясы азаматтарының қоғамдық бастамаларын орналастыруға және олар бойынша дауыс беруге арналған 2013 жылы құрылған интернет-ресурс. Егер сіз өзіңіздің бастамаларыңызды орналастырып, олар бойынша дауыс бергіңіз келсе, СТБЖ арқылы авторизациядан өту керек [7]. Сәйкестендіру мен теңнұсқаландырудың бірыңғай жүйесі (СТБЖ) – шартты түрде РФ азаматының «электронды паспорты» деп аталады. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі ақпаратқа кіруге мүмкіндік бар. Бұдан әрі РҚБ жобасы қалай жұмыс жасайтынын қарастырайық (5 сурет):



5 сурет - РҚБ жұмысының кезеңдік нұсқаулығы

Ресей азаматтарының елдің әлеуметтік-экономикалық дамыту, мемлекеттік және муниципалдық басқаруды жетілдіру бойынша ұсынысы *федералдық, өңірлік және*

муниципалдық деңгейде болуы мүмкін. Бастаманы қолдауға қажетті дауыс санын жинау бастама деңгейіне байланысты келесі мәндермен берілген (6 сурет):



6 сурет - Бастама деңгейіне байланысты бастаманы қолдау үшін қажетті дауыс саны

Бастама бойынша шешімді қабылдау мерзімі жіберілген күннен бастап 2 айдан аспайды. Барлық шешімдер мен олардың негіздемелері РҚБ сайтында орналастырылады.

Ресейлік қоғамдық бастама азаматтардың сынына жиі ұшырап жатады, себебі бірқатар кемшіліктері бар. Мысалы:

- Дауыс берудің бұрмалануы бойынша күдіктенеді, себебі электронды дауыстардың «ағылып келу» жағдайлары болған;

- Әрбір бастама астында берілген дауыстардың реттелген тізімі жазылмайды;

- 100 000 дауыстарды жинау үшін уақыт тым көп берілген (1 жыл) *(салыстыру үшін, Америкада петиция 30 күн ішінде 100 000 дауыс жинаса, ол петиция қарастырылады);*

- Бастаманы сараптамалық топ бағалайды: ұсынылатын бастамалар

көтерілген мәселелердің шешілуі уәкілеттілігіндегі мемлекеттік органдарға берілмейді.

Краудсорсингтік технологиялар-дың бір түрі онлайн-петициялар институты болып табылады. Еуропарламентке онлайн-петиция: мемлекетаралық деңгей.

ЕО саясатына азаматтардың әсер етудің сәтті жобасы Еуропарламентке тікелей онлайн-петиция жіберу құқығы болып табылады [8]. ЕО кез-келген азаматы жеке өзі немесе бір топ адаммен ЕО кез-келген ресми тілінде петиция ұсына алады. Петицияны екі түрлі тәсілмен ұсынуға болады:


1. Еуропарламент веб-сайтында электронды түрде [9]: ол үшін сайтта тіркеліп, талаптармен танысып, онлайн-нысанды толтыру қажет.

2. Пошта арқылы келесі мекен жайға: European Parliament, Chair of the Committee on Petitions, c/o PETI

Secretariat, Rue Wiertz 60, 1047 Brussels, BELGIUM.

Сіздің еркіңізге қарай сіздің петицияңыз анонимді болуы мүмкін. Сіз өзіңіздің петицияңызға дауыс бергендердің санын ғана көре аласыз, адам құқығын қорғау мақсатында жеке


мәліметтерді қарауға мүмкін болмайды. Петицияға қосымша ретінде кез-келген форматта 200 мегабайттан аспайтын көлемде қосымшалар салуға болады. Петиция тақырыбы төменде келтірілген салаларға сәйкес келуі керек (7 сурет):



7 сурет - Еуропарламент құзіреттілігіне жататын мәселелері салаларының тізімі

Петициялар жөніндегі комитеті тексергеннен кейін тексерілген петициялар қабылданған болып саналып, Еуропарламент веб-сайтында жарияланады. Петицияның жинаған дауыстар санының маңызы жоқ, себебі петициялар жөніндегі комитет петиция мазмұнының сапалылығы және көтерілген мәселенің өзектілігін басшылыққа алады. Шешім қабылданғаннан кейін Еуропарламент өтінім берушіні электронды түрде хабардар етеді. Еуропалық парламент ЕО институттары мен органдарына қарсы жазылған шағымдарды қарастырмайды және апелляциялық сот болып табылмайды.

АҚШ онлайн-петицияларды тәжірибе жүзінде сәтті қолданған алғашқы мемлекеттердің бірі. We the people [10] — азаматтарға петиция жасауға мүмкіндік беретін Ақ үй жобасы. 2011 жылы Барак Обаманың ел басқаруы тұсында жасалған. Интернет-сайт болып табылады. Қандай да бір петицияны құру немесе дауыс беру үшін сайтта электронды пошта арқылы тіркелу қажет. Петиция жасалғаннан кейін егер ол сайттың минималды талаптарына (тақырыбы 120 символдан аспайтын, сипаттамасы 800 символдан аспайтын) сәйкес болса, автор оған сілтеме алып, оны әрі қарай тарата алады (8 сурет):




8 сурет - «We the People» платформасында жұмыс жасау алгоритмі

Дауыс беру құқығы 13 жастан асқан әрбір Америка азаматында бар. Осылайша, біз осы платформаның бірқатар артықшылықтарын атай аламыз:

- Басты артықшылығы - пайдалануға қолайлы интерфейс;
- Сайтта жаңадан тіркелгендер үшін қадамдық нұсқаулық бар;
- Платформаны жақсартуға ықпал ететін келушілердің пікірлерін жазатын тарау қарастырылған;
- Әрбір петицияның астында дауыс берген адамдардың саны туралы мәліметтер берілген.

Қазіргі таңда, онлайн-петицияларды қолдану тәжірибесі Ұлыбританияда сәтті жүргізіліп келеді. Осы міндетті орындау үшін веб-сайт жасалған болатын [11]. Қауымдастық палатасы (парламент) базасында құрылған 11 адамнан (барлық партиялардың мүшелері) тұратын петициялар жөніндегі комитет құрылды. Осы алаңның жұмысы келесі кезеңдерден тұрады (9 сурет):



9 сурет - Алаң жұмысы қағидасының қадамдық сипаттамасы


Петицияны қарастыру барысында Петициялар жөніндегі комитет мыналарды жасауы қажет:

- Қосымша ақпарат алу мақсатында сізге жазуы;
- Осы петицияны талқылауға қатысуға шақыруы;
- Құзіретті органдарға петицияда қозғалған сұрақтар бойынша сұраныс жасауға және дәлелдер сұратуға;
- Шаралар қабылдау үшін үкіметке қысым көрсетуі мүмкін.

Кеңестік дәуірден кейінгі елдер арасында онлайн-петициялар институтын

дамытуда Латвия мен Эстония көш бастап келеді.

Manabalss.lv [12] (латыш тілінен аударғанда – менің даусым) – 2011 жылы Латвияда құрылған Латвия азаматтарына өз бастамаларын онлайн-петициялар түрінде қозғап және осы петицияларды әрі қарай парламентке жіберу үшін қоғамдық қолдау алуды қамтамасыз ететін қоғамдық алаң (10 сурет):



10 сурет - Латвиялық алаңның жұмыс жасау қағидасы

Қарастырылған 67,5% бастамалар ел заңдарына оң әсерін тигізді. Осы платформаның басқалардан ерекшелігі петицияға кім дауыс бергенін, ол туралы мәліметтерді және дауыс берген күнін көруге болады. Қосымша ретінде платформа екі тілде латыш және орыс тілінде жұмыс жасайды. manabalss.lv қызметінің басым бөлігі жеке пайдаланушылардың қайырымдылығы есебінен қаржыландырылады және сайтта қайырымдылыққа арналған тарау қарастырылған. Латвия халқының 70 % аталған интернет-алаңды қараған, 791 000 қол жиналған, сондықтан Латвияның мемлекеттік деңгейдегі онлайн-петицияларды қолдану тәжірибесі ең тиімділердің бірі болып табылады.

Азаматтардың Ресей Федерациясының саясатына ықпал

етудің баламалы тәсілі ретінде РФ Президентіне тікелей онлайн-петиция жіберу құқығы болып табылады [13]. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында 2015 жылы президентке петицияларға арналған веб-сайт жасалған болатын. Петициялардың тақырыбы салалар бойынша сәйкес келуі мүмкін. Аталған платформаның артықшылығы оның қолдануға оңайлығы болып табылады. Петицияны жазу үшін авторизациядан өту қажет емес, ТАӘ жазып, e-mail мекен жайын көрсету керек. Азаматтарға көмек көрсету мақсатында заңгермен тегін кеңес тарауы қарастырылған. Кеңес беруді көрсетілген нөмірлер бойынша, сондай-ақ смс-хат жазу арқылы жүргізуге болады.

Жалпылай алғанда, шешім қабылдау үдерісіне азаматтарды тарту арқылы билік, біріншіден, бірқатар

альтернативті шешімдер алады, екіншіден, тұрғындардың саяси шешімдерді қабылдаудағы жауапкершілігін арттырады, үшіншіден, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру міндеттерінің бірі болып табылатын тұрғындардың ұсынылған жобаларын

есепке алып, жүзеге асыратын мемлекеттік орган жұмысының жақсы жағын көрсетеді. Қазақстанда қазіргі кезеңде жаһандық трендтерді дамыту аясында шешімдерді дайындау үдерісіне азаматтарды тарту үшін негіз әзірленіп, қалыптастырылуда.

ӘДЕБИЕТ

1. 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына жолдау. Дереккөз: www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana
2. Хау, Дж. (2012). *Краудсорсинг: коллективный разум как инструмент развития бизнеса*. Москва: Альпина Паблишер.
3. «Билік пен азаматтар: ынтымақтастық технологиялары» конференциясы <http://www.stroyorbita.ru/index.php/item/2977-konferentsiya-vlast-i-grazhdane-tehnologii-sotrudnichestva>
4. <http://ec.europa.eu/citizens-initiative/public/>
5. <https://www.epeople.go.kr/jsp/user/on/eng/intro01.paid>
6. <http://www.roi.ru/>
7. <https://digital.gov.ru/ru/activity/govservices/infosystems/21/>
8. <https://petiport.secure.europarl.europa.eu/petitions/en/home>
9. <https://petiport.secure.europarl.europa.eu/petitions/en/registration/register>
10. <https://petitions.whitehouse.gov/>
11. <https://petition.parliament.uk/>
12. <https://manabalss.lv>
13. <http://петиция-президенту.рф/>